



010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 34
тел.: 8 (7172) 31-81-88, факс: 8 (7172) 31-73-27
<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat>

010000, город Астана, ул. Мәскеу, 34
тел.: 8 (7172) 31-81-88, факс: 8 (7172) 31-73-27
<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat>

02.03.2026 № 2-20-26-01368

Мемлекеттік органдарға (тізім бойынша)

Интернет-алаяқтардың іс-әрекетінің
жандандырылуына қатысты

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) Қылмыстық қауіп-қатерлерді және қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін болжау орталығы қазақстандық медиа кеңістікке мониторинг жасау барысында жалған инвестициялық платформаларды пайдалана отырып, азаматтарды қаржылық алаяқтыққа тарту бойынша интернет-алаяқтардың белсенділігін, сондай-ақ жоғалған инвестицияларды қайтару бойынша көрсетілетін қызметтердің жарнамасын анықтады.

Мәселен, бұрын құқық бұзушылар «Қазатомөнеркәсіптің» фишингтік парақшаларын пайдаланса, бүгінгі таңда киберқылмыскерлер азаматтардың ақшасын иелену үшін екінші деңгейдегі банктердің, ірі құрылыс фирмаларының (Банк Центр Кредит, Halyk Bank, Kaspi Bank, VI Group және т.б.) жалған инвестициялық платформаларын құрып, deepfake технологиялары арқылы танымал тұлғалардың бейнесін немесе дауысын пайдалана отырып, азаматтардың ақшасын иелену үшін алаяқтық платформаларды қолдануда.

Бұдан басқа, әлеуметтік желілерде жосықсыз брокерлерден зардап шеккендерге ақшалай қаражатты қайтару бойынша қызметтер және осыған ұқсас инвестициялық өнімдер тұрақты түрде жарнамалануда, олар алаяқтық схема болып табылады және инвестициялық құрбандары болған адамдарға арналған.

Осы ресурстарға сілтемелерді тарату басым түрде таргеттелген жарнаманы пайдалана отырып, әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылуда.

Көрсетілген алаяқтық схемалардың жаңадан өріс алып жатқанын ескере отырып, түсіндіру жұмыстарына екінші деңгейлі банктер мен ірі құрылыс фирмаларын тарта отырып, интернет-алаяқтардың белсенділігін арттыру туралы азаматтарды хабардар ету және ескерту бойынша жұмыстарды жүргізуді ұсынамыз.

Сонымен қатар, Комитет осы киберқауіп туралы ақпаратты Бас прокуратураның ресми интернет-ресурсында орналастырғанын хабарлаймыз (баспасөз хабарламасы қоса беріледі).

Ақпаратты одан әрі жарияланған жағдайда дереккөз ретінде Комитеттің Қылмыстық қауіп-қатерлерді және қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін болжау орталығын көрсетуді сұраймыз.

Осы хатты қарау нәтижелері мен қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат **а.ж. 11 наурызынан** кешіктірілмей күтіледі.

Қосымша: баспасөз хабарлама 2 парақта.

Төрағаның орынбасары

М. Кусаинов

Мемлекеттік органдардың тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
2. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі;
3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі;
5. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыс әкімдіктеріне.